2.2 Көрсетілген қызмет үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

2.3 Сандық және құндық шамадағы көрсетілетін қызмет көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) осы Шарт;
- 2) көрсетілген қызмет актісі(актілері);
- 3) осы Қағидаларға 25 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша есеп;
- 4) Өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтердің сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, шот-фактура;
- 5) Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі.

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

- 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;
- 2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- 3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;
- 4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;
- 5) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 6) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.
- 7) Тапсырыс берушіге көрсетілген қызметтер актісін жіберу және ресімдеуге;
- 8) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот- фактуралардың

акпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың акпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді;

9) Тапсырыс берушіден әрбір төлемді алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде өзара есеп айырысудың салыстыру актісін ұсынуға міндетті.

10) Ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде соңғы өзара есеп айырысудың салыстыру актісін ұсынуға міндетті.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) Қызметтерді көрсету үшін Өнім берушінің мамандарының кол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Қызметті қабылдау кезінде көрсетілген қызметтер актісін бекітуге не сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 262-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бастартуға;

3-1) көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың акпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар акпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны бекіткеннен кейін қабылдауға;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруге;

2) Қызмет мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда Тапсырыс беруші қызметті мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде қолданады.

4.4 Жоғарыда көрсетілген ешбір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Қызметтер көрсету

5.1 Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2 Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

6 Кепілдік

6.1 Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы Қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік етеді.

6.2 Өнім беруші техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) Қызметтерінің қателерін, жете өңдеулері мен басқа да сәйкессіздіктерін ақысыз түзетуге кепілдік береді.

6.3 Тапсырыс беруші берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы Өнім берушіге жазбаша түрде жедел хабарлауға міндетті, одан кейін Өнім беруші, осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, өз есебінен кемшіліктерді жою шараларын Тапсырыс беруші хабарламасында айқындалған мерзімде қолдануға тиіс.

6.4 Егер Өнім беруші хабарламаны алып, кемшіліктерді жою шараларын уақтылы қолданбаса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты өзінің басқа құқықтарына ешқандай нұқсан келтірмей және Өнім беруші есебінен қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою шараларын қолдана алады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған

жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жакты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе қызмет көрсету кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулар Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Мердігердің Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай да, ішінара да беруіне жол берілмейді.

7.8 Қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) тартылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынады. Қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) болуы Өнім берушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

Қызмет көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін көрсетілетін қызметтің шекті көлемі жиынтықта көрсетілетін қызмет көлемінің екіден бірінен аспауға тиіс.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерге өткізілетін сатып алу мәні болып табылатын қызмет көрсету көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының мүгедектер қоғамдық бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасының мүгедектер қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарға көрсетілетін қызметтерге өткізілетін сатып алу мәні болып табылатын қызмет көрсету бойынша қосалқы мердігерлер тартуға жол берілмейді.

7.9 Өнім беруші Қазақстан Республикасының бюджетке міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органының ақпараттық жүйесі (ЭШФ АЖ) арқылы электрондық шот-фактураларын Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексінің (Салық кодексі) 413-бабында белгіленген мерзім өткеннен кейін кері қайтарып алған кезде, Тапсырыс берушіде бюджетке міндетті төлемдерді (ҚҚС, КТС, өсімпұл) (бұдан әрі-салықтар) төлеу жөніндегі міндеттеме туындайды. Бұл жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге туындаған салық сомасын өтеуге міндетті. Уақтылы төленбеген жағдайда аталған салық сомасы Өнім берушіден ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен өндіріп алынатын болады.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 20-12-2021 дейін қолданылады.

8.2 Мынадай оқиғалар олардың көбеюі бөлігінде қызмет көрсету ұзақтығы мерзімдерінің өзгеруіне әкеп соқтырады:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде қызмет көрсетудің кешіктірілуіне әкепсоқтырады;

2) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін қызмет көрсетуді тоқтатуға нұсқау береді. Бұл ретте, егер аталған сынақтар ақауларды анықтамаған жағдайда, қызмет көрсетуді тоқтату уақыты қызмет көрсету мерзіміне қосылады;

8.3 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.4 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

8.5 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші көрсетілетін қызметті Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде орындай алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.6 Шарт:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Қағидалардың 23-тармағында көзделген шектеулердің бұзылғаны анықталған;

2) сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Қағидаларда көзделмеген колдауды көрсеткен;

3) уәкілетті орган міндеттемелері тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңнамасы бұзыла отырып Шарт жасасу фактісін анықтаған;

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Шарт максаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс кимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.3 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) көрсетілетін қызметтің бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) Шартта көрсетілген қызметтердің бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында көрсетілетін қызметтер көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

3) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде көрсетілетін қызмет бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған көрсетілетін қызметтің анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда рұқсат беріледі;

4) жасалған шарт сомасының өзгермеуі талабымен бюджет есебінен жылдар бойынша қаржыландыру өзгертілген немесе жұмыстардың сметалық құны азайтылған және кейіннен сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда, жұмыстарды орындау жөніндегі сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімдерін өзгерту бөлігінде рұқсат беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша

келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші: "Kazakh Tourism" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы Занды мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел, 55/14 БСН 170840000676 БСК KKMFKZ2A ЖСК KZ15070KK1KS00235004 "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ Тел.: +7 7172 919-500 Басқарушы директор Аманбаев Талгат Жолдымуратович	Өнім беруші: «BRODUCTION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, А. Шарипова к-сі, 103/1 үй, 2 қабат БСН 190640012399 ЖСК KZ62551A127009192KZT БСК: KSNVKZKX КБе 017 «Kassa Nova» АҚ Тел: +701 777 2016 Директор Берік Динара Берікқызы
 (КОЛЫ)	 (КОЛЫ)

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бағасы, ҚҚС-сыз, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, ҚҚС-сыз, тенге
1	"Kazakh Tourism" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	Үгіт-насихаттық және жарнамалық кино-, бейнефильмдер өндіру бойынша қызметтер	Бағыттаушымен виртуалды бейне турларды (360) жасау	Бағыттаушымен виртуалды бейне турларды (360) жасау	Бір қызмет	1	20 000 000	Шартқа қол қойған күннен бастап Техникалық ерекшелікке сәйкес	Шартқа қол қойған күннен бастап Техникалық ерекшелікке сәйкес	Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы	0	20 000 000

**Гид жолсерігі бар виртуалды бейне турларды (360) жасау бойынша
сатып алынатын қызметтер сатып алу бойынша
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА**

1. **Тапсырыс беруші:** «Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ.
2. **Мақсат:** максатты аудитория үшін виртуалды бейне турларды құру арқылы сыртқы және ішкі туризмді ынталандыру. Іс-шараның мақсаты Қазақстанның туристік әлеуетіне шетелдік, сондай-ақ жергілікті халықтың қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын арттыру болып табылады.
3. **Қызмет көрсету орны:** Қазақстан Республикасының аумағында.
4. **Қызметтерді көрсету мерзімі:** Шартқа қол қойылған күннен бастап 2021 жылдың 20 желтоқсанға дейін.
5. **Қызметтерге ақы төлеу:** төмендегі кестеге сәйкес көрсетілген қызметтер туралы есепті (шығармашылық есепті) және орындалған жұмыстар актісіне сәйкес кезең-кезеңмен жүргізіледі:

Кезең	Қызметтердің атауы	Сипаттама	Саны	Қызмет көрсету мерзімі	Тенгедегі сома, ҚҚС есебінсіз
I	Туристтерді тарту үшін Қазақстанның 3 туристік дестинациясы туралы гид жолсерігі бар 3 (үш) бейнетурлар сериясын шығару үшін тұжырымдаманы, логлайнды, синопсесті, құрылымды, сценарийлерді әзірлеу.	3 (үш) бейнетурдың (360) логлайнды, конспектілерін, құрылымдарын әзірлеу; - 3 (үш) бейнетурдың (360) сценарийлерін жазу; - 3 (үш) бейнетурдың (360) мәтіндерін жазу; - жүргізуші/диктор мәтінін әзірлеу; - түсірілім тобының жұмыс кестесін әзірлеу. ;	1	2021 жылдың 1 қарашасы	2 825 000
II	Гид жолсерігі бар 1 (бір) виртуалды бейне туры (360) шығару	Гид жолсерігі бар 1 (бір) виртуалды бейнетурды түсіру, бейнемонтаждау, аудиомонтаждау (дыбысты монтаждау, шуды қабаттастыру, YouTube үшін көп арналы араластыру), (360) түсті түзету.	1	2021 жылдың 15 қарашасы	5 725 000
III	Гид жолсерігі бар 2 (екі) виртуалды бейне туры (360) шығару	Гид жолсерігі бар 3 (үш) виртуалды бейнетурды түсіру, бейнемонтаждау, аудиомонтаждау (дыбысты монтаждау, шуды қабаттастыру, YouTube үшін көп арналы араластыру), (360) түсті түзету.	2	2021 жылдың 10 желтоқсаны	11 450 000
ҚҚС-сыз сома					20 000 000

6. Қызметтерді көрсетуге қойылатын талаптар:

- Барлық бейнероликтер түпнұсқа болуы керек және басқа деректердің авторлық құқықтарын бұзбауы қажет.
- Бейнероликтердің сценарийлері түсіру алдында Тапсырыс берушімен алдын-ала келісілуі қажет.
- Бейнероликтер түсірілімінің орналасу орындары Қазақстанның туристификация картасының ТОП-10 құрамына кіретін объектілерді қамтуы тиіс:
 - Түркістан
 - Маңғыстау
 - Алматы облысының тау кластері.
- Түсірілген гид жолсерігі бар 3 бейнетурлардың хронометражы кемінде 5 минут құрауы қажет.
- Бейнероликтер түпнұсқалық музыканы, синхронды және аралық шуды қамтуы қажет.
- Шығарылған бейнероликтердің мазмұны мен дыбысталуы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде болуы қажет.
- Бейнероликтерде бірегей музыкалық туындылар, синхронды және интершумдар болуы тиіс.

7. Техникалық талаптар

- Кескін пішімі 16:9 арақатынасына сәйкес келуі керек.
- Барлық бейнелерде mp4 пішімі, ажыратымдылығы – 4K, h264 бейне кодектерін қысу пішімі, AAC Аудио кодектері, аудио бит жылдамдығы – 320кбит/с болуы керек.
- Барлық бейнелерде 2D немесе 3D графикалық шешімі, Тапсырыс берушінің логотиптерін қолдана отырып, әр бейненің басында анимациялық экран сақтағышы болуы керек.Референс ретінде (бейнемонтаж, аудиомонтаж, өтулер, әсерлер бөлігінде) мынадай бейнероликтерді пайдалану қажет:
 - <https://www.youtube.com/watch?v=LxSVPuONFdQ>
 - <https://www.youtube.com/watch?v=sPyAQQklcIs>
 - <https://www.youtube.com/watch?v=RGrkH-zgEB4>
 - <https://www.youtube.com/watch?v=YAABA-Ri0YI>
- Бейнероликтерді бейнетүсірілім 4K және 6к ажыратымдылықта 360° фото түсіруге, жиілігі 25 кадр/с болатын ең жоғары 4K ажыратымдылықта 360° бейне түсіруге, әрбір матрицадан 120 Мб/с дейінгі битрейтпен жеке жад картасына және тараптардың ара қатынасына 16:9 дейін, fish-eye линзаларымен, F2.4 кем диафрагмамен және әрбір 200 градус шолу бұрышымен жазуға мүмкіндік беретін цифрлық бейнекамераларға жүргізілуі тиіс, сондай-ақ локацияны неғұрлым көлемді қамту үшін, жиілігі секундына 25 кадрдан кем емес қашықтықтан басқару және реалтайм алдын ала қарауды жүргізу мүмкіндігімен және SanDisk Extreme Pro SDXC UHS-I V30 жоғары жылдамдықты SSD дискілері 6 дана көлемінде кемінде 1 терабайт жадымен, дыбыс жазу мүмкіндігі бар: сыртқы аудиорекордерге (мысалы, ZOOM H3-VR), 4 кіріктірілген микрофонға немесе 3,5 мм стандартты аудио-кіруге.
- Бейне үшін қосымша режимдер қолданылуы керек: 120 fps (4k), Timelapse және Customize (алдын-ала сақталған параметрлер), сондай-ақ қосымша фото түсіру режимдері: RAW (DNG), HDR (Beta) және Customize (алдын-ала сақталған параметрлер).
- Параметрлер: экспозиция, ISO, ак баланс, қанықтылық, контраст және т. б.
- Бейне турларды түсіру кезінде FlowState 9 осьтік гироскопиялық тұрақтандыру қолданылуы керек.
- Бастапқы сападағы бейнелер кодекте болуы керек: MREG2, MOV минималды бит жылдамдығы 10 МБит/сек және одан жоғары, секундына 25 кадр, кемінде 3840 × 2160 ажыратымдылық интервал немесе прогрессивті кадрдың қатынасы 16: 9;
- Аудио форматы: 48000 HZ жиілігі бар AAC кодекімен стерео, -10 ДБ дыбыс деңгейімен 32 биттік бит жылдамдығы бар толқын, аудио бит жылдамдығы – 320кбит/с
- аудиоконтент өндіру (дыбысты өңдеу және жазу, фонограммаларды салу, араластыру, дыбысты мастерингтеу) өз кезегінде WAV және MP3 форматтарындағы микрофонға арналған сандық микшерлік пульт және шамдық дыбыс преамплицаторы көмегімен жүргізілуі тиіс

8. Есептілікке қойылатын талаптар:

Орындаушы көрсетілген қызметтер туралы есепті (шығармашылық есепті) және орындалған жұмыстар актісін (бұдан әрі – Акт) қызметтерді орындау көрсетілген кезден бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға тиіс.

Орындаушы барлық есептерді қағаз тасығышта тігілген және нөмірленген түрде, мөрмен бекітілген, жауапты орындаушы әр бетіне бұрыштама қойып және орындаушы басшысының қолы қойылып, Тапсырыс берушінің пошталық мекенжайына ұсынуы тиіс – info@qaztourism.kz немесе Тапсырыс берушіге қолма-қол, шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшеге 3 (үш) данада, сондай-ақ электрондық форматта (флеш-жинақтауыш) ұсынады. Есептің титулдық бетінде Орындаушының атауы және қызмет көрсету күні болуы тиіс.

Есепте бейнероликтер түсірілген орындардан алынған фотосуреттер қамтылуы тиіс.

Есепті тапсыру кезінде Тапсырыс беруші қызмет көрсетудің орындалуын растайтын қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

Тапсырыс беруші актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Орындаушыға қол қойылған актіні немесе дәлелді бас тартуды жіберуге міндетті. Тапсырыс берушінің шешімі бойынша көрсетілген

қызметтердің нәтижелері осы техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келмеген кезде Орындаушы Тапсырыс беруші дәлелді бас тартуды жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шарттық баға шегінде қосымша төлемсіз қажетті түзетулер мен пысықтаулар жүргізуге міндетті.

Орындаушы қызметтерді мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Тапсырыс беруші өзара келісім бойынша оларды осы бөлімде белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын қабылдай алады және ақы төлей алады.

9. Басқа талаптар:

- Түсірілімде жоғары сапалы сурет пен дыбыс алуға, сондай-ақ ауадан, жерден және су астынан түсіруге мүмкіндік беретін кәсіби түсірілім жабдығын пайдалану.

- Орындаушы осы техникалық ерекшелікке сәйкес қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

- Қызмет көрсету кезінде орындаушы көрсетілген қызмет көлемін растайтын барлық құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

- Қызмет көрсетілгеннен кейін Орындаушы сыртқы жинақтауышта көлемі 1ТБ - дан кем емес барлық бастапқы фото-және бейнематериалдарды ұсынуға міндетті.

- Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған сәттен бастап Тапсырыс берушіге өндірілген зияткерлік меншік объектілеріне айрықша мүліктік құқықтар ауысады.

Қызмет атқарушы:



Тапсырыс беруші:



